

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

Мәдениет тұрғысынан алғанда бауыр сөзі қазақ менталитетін жоғары санатта танытып, айқындайды. Халқымыздың ауызбіршілігі мен ұлттық санасының салиқалылығын әспеттеп, рухани мәдениетміздің көрінісін қамтиды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Сүйерқұлова Б, Жанұзақ Т, Жұбаева О. «Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық». 3-том: Б – Б, - Алматы : Тіл білімі институты, 2011. Б. 141-145.
2. Оба Е. «Қазақ тілінің тарихи түркі тілдері тұрғысынан сөздік қоры» : түсіндірме сөздігі; Алматы: Әл-Фараби атын. ҚазҰУ. - 2021. Б. 48-52.
3. Амантай Ш. «Бауыр» ұғымының мифологиялық, этнолингвистикалық және әлеуметтік сипаттары» Адырна торабы, - 2017.
4. Ерғали С. «Бауырсақ» сөзі нені білдіреді?» мақала. Қазақпойнт торабы.-2021.
5. Бопайұлы Б. «Қазақтың алғыстары мен қарғыстары» монография - Алматы: Бастау, 2003. Б. 15-108.
6. Ибраев Ш. «Қазақтың ғұрыптық фольклоры» - Астана : Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2021.

ӘОЖ 8745

ЗЕРГЕРЛІК БҰЙЫМДАРДЫҢ ТІЛТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ

Кәрім Тоғжан

togzhankarim3@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Филология факультеті,
«БВ02305-Қазақ филологиясы» тобының 3-курс студенті,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Ж.Қ.Өмірбекова

Қазіргі таңда әлеуметтік-экономикалық, техногендік және саяси сипаттағы жылдам өзгерістерге, ғаламның дамуына байланысты әрбір ұлттың өзіне тән мәдени және тарихи бастауларында, «этностық таным процесі» аса өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Оны білмей, зерттемей тұрып, жасампаз ел құру, болашақты ойлау мүмкін емес. Халқымыздың қаншалықты шығармашылыққа, өнерге, еңбекке жақындығын тұрмысындағы әр заттарынан, ән-күй жырларынан, шебер жасалынған тарихи бұйымдарынан-ақ аңғарамыз. Дәл қазіргі кезде қоғамның тұтас рухани дамуының табысты болуы, жетістікке қол жеткізуі тікелей мәдениетке негізделеді. Мәдени мұрамыздың эстетикалық және шығармашылық бағытта дамып, өркендеуіне әсер етуші өнерлеріміздің бірі – сәндік зергерлік өнер.

Зергерлік өнердің ұлттық мәдениетімізде тарихи орны ерекше болумен қатар, бір жағынан халқымыздың материалдық мәдениетінің дәрежесін көрсетсе, екінші жағынан-рухани жан дүниесін, философиялық, эстетикалық көзқарастарын білдіреді. Қазақ халқындағы зергерлік бұйымдарының бастау кезін алғашқы тайпалық бірлестіктер дәуірлерінен іздеген жөн. Неолит немесе мыс (б.д.д 3- 2 мың жылдықтар), қола (б.з.б 2 ші мың жылдық - VIII ғғ) замандары мен алғашқы темір кезеңіне (б.д.д VII-IV) байланысты қазбалардан шеберлердің зергерлік өнермен айналысқанын айғақтайтын жекелеген заттар мен бұйымдардың фрагменттері табылған. Сондай-ақ Беғазы Дәндібай, Отырар төбе, Маңғыстау, Бесшатыр, Шілікті және басқа да обалар мен қорғандарды қазу барысында табылған зергерлік бұйымдары қазақ халқында бұл өнердің ертеден-ақ қанат жайып, өркендегенін дәлелдейді. Бұл адамның өмір сүрген кезінен бері қарай 2000 жыл өтті деп есептеген күннің өзінде зергерлік өнердің қандай деңгейде дамығанын айқын аңғаруға болады. [4;33]

Қазақ тіл білімінде зергерлік өнер саласының лексикасы бойынша «бірақ» дейтін тұстар да аз емес. Зергерлік өнер лексикасына жататын сөздердің барлығын тек әшекей аттары деп тануымыз дұрыс емес. Мәселен, А.Шамшатованың “топтар”, Қ.Айтанинның “лексикалық

топтар”, Т.Ходжамбердиевтың “сөздердің тақырыпқа жіктелуі” И.Абдувалиевтың “лексикалық тақырыптық топтар” терминдерін, ал қазақ тілінің әскери лексикасын зерттеген “Т.Байжановтың “тақырыптық топтар” деген еңбектерін саралай келе, қазақ тілінің зергерлік өнері лексикасын мынадай тақырыптық топтарға бөліп қарастыруға болады:

- 1) *Зергерлік әшекей, бұйым атаулары;*
- 2) *Зергерлер әшекейлейтін тұрмыстық бұйым атаулары;*
- 3) *Зергерлік құрал-сайман атаулары.*[1;7]

Яғни, зергерлік бұйым атаулары мен оларды әшекейлейтін бұйым атауларының арасында біршама айырмашылық бар екендігі аңғарылады. Ал зергерлік құрал-сайман атаулары сол әшекейлерді жасауға арналған құралдардың қатарын құрайтын лексика ішінде қарастырылмақ.

Бұл өнер түрінің пайда болуына еліміздің қазба байлықтарға толы болуы да әсер етті. Оның пайда болуы мен дамуы асыл тастарға, түсті металдарға байланысты десек, археологиялық деректер бірнеше жүздеген, мыңдаған жылдар бойында қазақ даласында мыс, қалайы, күміс, алтын т.б түсті металдар өндіріліп келгендігін көрсетіп отыр. Академик Қ.И.Сәтбаевтың көрсетуінше көне Жезқазғанда 1 млрд тонна мыс рудасы өндірілген екен. Ал Ә.Марғұлан зерттеулерінде: “Біздің заманымыздың бұрынғы 11 мың жылдықтың екінші жартысында Орталық Қазақстан Евразия континентіндегі металлургиялық орталықтардың біріне айналып, мыс тек жергілікті қажеттілік үшін емес, тайпалар арасындағы айырбас қажеттілігі үшін өндіріледі”-деп көрсетілген. [3;37]

XIX ғасырдың II ширегінде қазақ көшпенділерінің отырықшылыққа икемделуі-халықтың тұрақты кәсіппен, шаруашылықпен айналысуына себеп болды. Отырықшылық өмірге былғары, ұсталық кәсіп, түрлі құрал-саймандар қолданысқа еніп, зергерлік іс кәсіптік деңгейде дамып, үлкен фабрикалар жұмыс істей бастады. Тіпті, ұлт жанашыры Ыбырай Алтынсариннің қолөнерлік мектептерінде қазақ балаларына түрлі үлгідегі зергерлік бұйымдар жасау мен қыз балаларды тігіншілікке икемдегені бәрімізге мәлім. Ендігі айтып отырған кәсіптік өнеріміз XIX-XX ғасырларда тіпті қарқынды дами бастайды. Әсіресе Сырдария қаласында ерекше бой көрсетіп, әрі қарай сауда-саттықтың да нығаюына септігін тигізді. Алайда, ұйымдастыру кезеңінде халықтың тұрмыс-тіршілігінде біраз қиындықтар орын алды. Бұл жағдай зергерлік өнерге өз әсерін тигізбей қоймады. Халықтың әлеуметтік жағдайы күрт төмендеді. Осыған дейін сәнді деп танылған әшекей бұйымдар нан мен тамақ үшін айырбас затқа айналып, керегі де болмай қалды. Себебі халықтың күнкөріс жағдайы, азық табуы ауыр жағдайда еді. Тек жетпісінші жылдардан бері қарайғы уақыттан бастап, халық жағдайы тұрақталып, зергерлік өнер де қайта жандану белгілерін көрсетті. Әсіресе, ауылды жерлерде, той-томалақ, жиындарда қолөнерлік бұйымдарға деген сұраныс артып, ұлттық дәстүр одан әрі дами түсті. Осындай әртүрлі ауыры мен дауылы соққан тарихи кезеңдерден өткен өнеріміз, әлі күнге дейін жойылмай, бізге мирас болып жетіп отыр. Оның қарқынды дамуына, әсіресе, Ұлы Жібек жолының да әсері мол. Қала мен дала арасындағы үзбей жүріп жатқан сауда-саттық жағдайы қолөнер бұйымдарына деген сұранысты жоғарлатпай қоймады.

Белгілі зерттеуші ғалым Р.Н. Шойбековтың «Қазақ зергерлік өнерінің лексикасы» атты еңбегінде былай делінген: «Жалпы алғанда ұлттық киім комплексінің құрамына еніп, сәндік қызмет атқаратын бас киім, сырт киім, аяқ киім әшекейлерінің атаулары 200-ден асып түседі. Солардың ішінде 50-ге жуық сөз бас киім әшекейлерінің атауы болып келеді». [1;9] Демек, қолөнер бұйымдарымыз тек тұрмыстық қажеттілікті өтеп қана қоймай, сөздік қорымыздың мол болуына үлкен септігін тигізуде. Әуелі, айтқан бас киім әшекейлерінің бірі «айшыққа» тоқталсақ:

Айшық-жарты ай, жұлдыз суреттері бар күмістен соғылған әшекей; жарты ай бейнелі күміс. Оны жаулықтың шекесіне, кимешекке қадаумен бірге ердің қасына, жүгенге орнатқан. Бұл әшекейдің айға ұқсас болуында көптеген мән бар. Әсіресе қазақ халқымыздың дін мен салтты қатар ұстап, оны бұйымдарына, киімдеріне дейін байланыста ұстауы зергерлік өнерден де көрініс береді. Айшық мұсылман атрибуттарының бірі. [5;456] Тек киімдерге ғана емес, қасиетті мешітіміздің басына күмбез етіп қойылады. Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбар өз

жақтастарымен Меккеден Мединеге қоныс аударуға мәжбүр болып, түн ортасы ауғаннан кейін таң қараңғысында мүшіріктерден жасырынып, Мединеге бет алады. Бұл кез ескі айдың таусылып келе жатқан тұсы болатын. Әдетте, ескі айдың бітер кездегі орағы шығыстан батысқа қарап тұрады. Батысқа қарап бара жатқан айдың осы фазасы мұсылмандардың діни салт-дәстүрінде белгі ретінде алынып, бейіт басына қойылатын салтқа айналған деп түсіндіреді діни әдебиеттерде. Айшық-алтын, күміс т.б. металдан жасалады да, түрлі түсті асыл тастармен безендіріледі, өте ұсақ інжу-маржандармен өрнектеледі. 1962 жылы Кеген өзенінің аңғарында қазба жұмыстары жүргізілгенде, қабірден айшық табылды. Бұл — 3-5 ғасырлардың мұрасы.

Сондай бас киім әшекейлеріне жататын әшекейдің бір түрі- *Бет Моншақ*. Бет моншақ-сәукеленің екі жағына, маңдайына салбыратып қадап қоятын бірнеше қатар төгілмелі моншақ. Оны сәукеленің бет моншағы деп атайды. Бет моншақ белге дейін, тіпті одан да төмен түсіп тұрған. Моншақтың саны, ұзындығы қыз әкесінің дәулетіне байланысты болған. Қалыңдық өз үйінен күйеу ауылына жүрерде, жолда бет моншақ үзіліп қалмау үшін, кеуде тұстан сол салпыншаққа барқыттан екі кішкене қалта тігіп қояды. Бет моншақтың төменгі жағын жинап, қалтаға салады. Қазақта жас келіннің бет моншағының үзіліп түсуі үлкен ұят саналған. Бет моншағы үзіліп ыңғайсыз жағдайға қалған қыз келіншектерге байланысты ұялды деудің орнына «бет моншағы түсті», «бет моншағы үзілді» деп айту, жас деп айтудың орнына «бет моншағы үзілмеген» сияқты сөз орамдары пайда болған. Сол секілді басқа да бас киім әшекейлерінің қатарын: *алтын шоқ, бас жақсы, бергек, былқылдақ, есектас, жақ, жақ моншақ, жыға, тал моншақ, маңдайша, танакөз* секілді бұйым атаулары кұрайды. [5;459]

Сырт киімге тағылатын зергерлік әшекейлердің де саны жетерлік. Зерттеушілеріміз оларды екі топқа бөлуді жөн көрген. Бірі-өңір немесе кеуделік әшекей атаулары болса, енді, бірі- белбеу атаулары. Солардың ішіндегі кеуделік әшекейлер қатарына жататын бұйымдардың бірі-тана. Зергерлік бұйымдарымыздың лексикалық сөздігінде «тана-сәндік үшін жағаға, бас киімге, омырауға тағатын әшекейдің бір түрі»-деп берілген. Тана көбіне әйел киімдеріне тағылады, ерлер киетін тақияда тана болмайды. Тана түйме сияқты, дегенмен, одан үлкендеу болып келетін, дөңгелек формалы, жалтырап тұратын әшекей. Қазақ халқы сұлулыққа байқампаз екендігіне үнемі көзіміз жетеді. Қыз баланың мөлдіреген, жайнаған көзін тана бұйымына ұқсатып «тана көз» деп айтқан.

Қазақ танымында осындай бұйымдарымыз тек сән салтанатқа тағылмай, дәстүр мен діннің негізінде қолданылған. Яғни, қолөнерлік бұйымдар салт-дәстүрлеріміз бен наным сенімдеріміздің молаюуына өз септігін тигізді. Қыз-келіншектердің құлағына тағатын әшекей сырға екендігі бәрімізге белгілі. Дегенмен, көне замандарда оны ер адамдар да таққан. Қазақ жерінде 8-6 ғ. безендірілген мүсіндерде құлағына сырға таққан әскербасылар бейнесі кездеседі. Осындай мүсіндердің бірі туралы Ә.Марғұлан былай деп жазған еді: «Мүсінде жас жігіттің мүсінін әсем түрде безеген. Мүсіннің үстінде қайырма жағалы сұлу бешпент, өрнектелген кісе, сол жақ құлағында зергерлер әдемілеп жасаған сырға». Кейбір түркі халықтарда, мәселен Хакастарда, сырға тағу салты 19 ғ. дейін сақталып келген. Оларда сырға атауы «ызарға» деп аталады.[6;88] Қазақ тұрмысында сырға тағудың әртүрлі этнографиялық мәні бар. Мысалы, ер баланы өте кеш көрген, аңсаған тілектері орындалған отбасылар, көрген ұлымыз осы болсын, тіл көз тимесін деген ниетпен оған сырға тағып қойған. Кейін барып бозбала, ер жете бастаған шағында сырғаны алып тастаған екен. Мұның өзі отбасына үлкен қуаныш сыйлап, ауыл аймағына той жасап, Құдайға шүкіршілік еткен. Заман ағымымен ол дәстүр бүгінде ұмытылып қалды. Сондай-ақ, ертеде қыздың басы бос, атастырылмаған болса, керегеге, кілемге, тіпті бақанға сырға іліп қою салты болған. Үйге келген қонақ, үй ішін көзімен шолып, ілулі тұрған сырғаға қарап, бұл үйдің бой жетіп қалған, не бой жетіп отырған қызы бар екенін бірден түсінген. Бұл салттың ерте замандардан бастау алатынын көне ертегіміз «Ер Төстік» шығармасы дәлелдейді: «тоғыз ұлым бар, соған тоғыз келіншек іздеп жүрген адаммын; тоғыз ұлымның бір әке-шешеден туғаны сияқты, бір әке шешеден туған тоғыз келінім болса деп едім. Керегенің басындағы көп сырғаны көргенде, тілегіме жеттім ғой деп қуанып қалып едім. Санасам, біреуі кем екен. Соған жылап отырмын, – дейді Ерناзар.

– Ендеше жылама, тағы біреуі бар, әне тұр, – деп, бәйбіше тұсбақаннан тағы бір сырғаны алып келеді. ...Сөйтіп Ерназар тоғыз қызға құда түсіп қайтады». [8;16]

Қызға құда түскенде оған сырға, моншақ немесе үкі тағатын болған. Осыған байланысты бойжеткен қызды еркелетіп «Сырғалым», «Сырғалы қыз», «Үкілім» деп атаған. Ұл бала ер жеткенде өзіне тұлпарын құлын кезден таңдап, күтіп, баптап өсірген. Белгі ретінде тұлпарына сырға таққан. Ол да қазақ танымындағы тіл-көзден сақтанудың бір белгісі. Мұндай құлын тайды «бәсіре құлын», «бәсіре мал», «бәсіре тай» деп атайды.[1;16]

Өлі күнге дейін өзінің танымдық күшін жоймаған зергерлік бұйымдарымыздың бірі – *білезік, жүзіктеріміз*. Ертеде қазақтар әйелдің қолында не жүзік, не сақина болу керек деп санаған. Ол болмаған жағдайда, дайындаған тағамын арам деп білген. Күмістен сақина, жүзік салған әйел қолынан ішкен сусынды, қонақ адал деп сүйсініп ішкен. Қазақта жүзіктің жасалу мәнеріне қарай немесе көздеріндегі тастардың материалы мен түр түсіне қарай *құдағи жүзік, құстұмсық жүзік, күмбезді жүзік, шытыралы жүзік, алтын жүзік, күміс жүзік десе*, сақиналар: *құсмұрын, түйетабан, тасты, кавказ, құсмұрын, ырғақ, моншақты, бұрамалы, топсалы, жүрекше көзді жүзік* т.б түрлерге бөлінеді. Қазақ дәстүрінде келін болып түскен қызға енесі арнайы тіккен отауың биік болсын, деп *отау жүзік* соқтырған. Бойжеткен қыздар таққан *құстұмсық жүзік* бақыттылықтың, тәуелсіздіктің, еркіндіктің белгісі саналған. Әсіресе жүзік арқылы түрлі этномәдени ақпараттар беріліп отырған: *топсалы жүзік* сәлемдеме ретінде туыстар арасында дәнекер қызметін атқарған.[2;678]

Қазақ тұрмысындағы бағалы әрі қасиетті саналған ер мен әйелге ортақ бұйым *тұмар* болып есептеледі. «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» энциклопедиясының 1-томында: «Тұмар- көбінесе үшбұрыш, төртбұрыш етіп жасалады, ішіне молданың қағазға жазған дұғасы, ұлутас, үкі қауырсыны, сондай ақ киелі деп есептелетін заттар салынады»- делінген. Ықылым заманнан бері, Түркі халқының наным-сенімінде *тұмар тағу үрдісі* қалыптасқан. Түркі халқы үшін – көк, күн, от, су сияқты, туған жер киелі ұғымдардың бірі. Бұрынғы көшпенділер үнемі жанында алып жүретін тұмардың ішінде туған жердің бір уыс топырағы болған. Онысы «Жер ана желеп жебейді», «туған жерге қайтып ораламын» деген сенімнің көрінісі. Қазақта тұмарды *дұғалық* деп те атаған. Дұғалық дегеніміз діни дұға жазылған қағаздар. Онда дұға сақталады. Яғни, дұғалықта жазба жазылады. Негізінен тұмар, бойтұмардан басқа заттар да тұмар ретінде қолданылады. Тұмар дегенде тек ішіне қағаз жазылған затты ғана емес, анасының қызына берген орамалын, ұзақ жолға жүріп бара жатқан жолаушының бір уыс туған жер топырағын өзімен ала кетіп, бойтұмарындай сақтауын да жатқызған. Бойтұмар адамдарды түрлі жамандықтан қорғайды деп есептеген. Тұмарды әдетте діни ғұламаларға жаздырып алып, былғарымен қаптап, мойынға тағып жүргендіктен, *бойтұмар* деп аталып кеткен.[5;588]

Жалпы, шебер зергерлеріміз әр бұйымды, әшекейді жасауда мұқият болған. Сұлу әрі тартымды болуына назар аударған. Адам назары бірден түсетіндей сымбатты болуы үшін тер төккен. Қазақ энциклопедиялық сөздігінде: «Дәстүрлі ортадағы үйлесімсіз жасалған, эстетикалық талғамға жат ұсақ-түйек әшекейге қатысты аталатын атау-*Әлекей-Шүлекей*»- деп көрсетілген. Этномәдени байланыс барысында көршілес жұрттар ықпалымен қазақ танымына тән емес стильде жеңіл-желпі безендіруді осылай атау қалыптасқан көрінеді. Яғни әр істе сұлулыққа баса назар аудару біздің мәдениетіміздің бір негізін құрайды.[5;678]

Сонымен, зергерлік бұйымдардың сәндік мақсаттан бөлек атқаратын қызметі мен тілтанымдық сипаттарын, ерекшеліктерін жинақтасақ: біріншіден, бұйымдарымыздың дін, дәстүр нанымдарымен байланысы негізіндегі қызметтері; жоғарыда айтқандай пәле жала мен тіл көзден сақтану бұйымдары, тұрмыстық жағдайдағы халықтың ортақ сенім түсініктерінің негізіндегі қолданылатын бұйымдар секілді әшекейлер түрлері. Екіншіден, осы бұйымдар арқылы белгілі бір адамның шыққан тегін яки лауазымын, қызмет дәрежесін, жас мөлшерін, жынысын, кәсібін, қай руға тайпаға жататынын, тұрған жерін айырып көрсететін белгі ретіндегі қызметі. Үшіншіден, қазақ зергерлік өнер лексикасы өте бай. Сөздік қорымыздың көбеюі мен дамуына да өз септігін тигізуі, тілтанымдық қыры, әр бұйымның өз атауының болуы, оның ерекшеліктері секілді жақтары. Төртіншіден, сауда-саттықта сұранысқа ие болған

құндылықтарымыздың біріне айналып, еліміздің экономикалық, әлеуметтік жағдайдың дамуына әсері. Бесіншіден, зергерлік бұйым жасауға талпыну арқылы еңбекке баулу, зергерлік сала бойынша тәжірибе, білім алу, жастар зейінін ашу мен қызығушылықтың пайда болуы, болашақ жастардың адамгершілік қасиеттеріне септігі. Алтыншыдан, зергерлік өнердің қыры мен сырын тану арқылы біз тарихқа бойлаймыз, тарихи жәдігерлеріміз арқылы көне заманның сипатын танып, мәліметтер жинақтаймыз. Яғни, археологиялық бұйымдарсыз тарихи ақпараттар жинағы дәлелсіз бұлдыр түрінде ғана болар еді. Жетіншіден, басты қызметі болып саналатын-эстетикалық түрі. Яғни, сәндік пен сұлулықтың негізі болып, ежелден бізге әдемілікті беруі. Енді бір жағынан, белбеу секілді зергерлік бұйымдар ер адамдарда жаугершілік заманда қару-жарақтарды салуда таптырмас құрал болды. Әсіресе аңшылық кәсібінде садақтарды салуға арналған белбеулерді айтуға болады. Оларды «әскери белдік» деп атаған.

Көркемөнер шығармашылығы халықтың мәдениеті мен материалдық дүниетанымының, этностың өзін танытуының маңызды бір саласы. Онда ұлттың өзіндік ерекшелігінің мәні, мәдениеті, өркениетінің тамаша үлгілері ықшам әрі терең бейнеленеді. Ұлттың шығармашылық, философиялық көзқарасымен тығыз байланысты бұл өнер түрі ұлттық мәдениетіміздің дамуына, этностық болмысымыздың қалыптасуына үлкен ықпал етті. Көркемөнер шығармашылығының осы бір түрі өнердің барлық буынын бойына жинаған. Тамаша пішін үлгілерін жасауда мүсіншіге тән көркемдік сезімталдығы, ою өрнек құруда шығармашылық қиялының ұшқырлығы, бейнені кескіндеуде саусағының дәлдігі, түстік үйлесімдік құруда кескіндемешіге тән көкірек түйсігі болғанда ғана зергер шеберліктің шыңына жете алады. Бұл өнердің қыры мен сыры жайындағы жазылған көптеген еңбектер бар дегенімізбен, толықтай өз деңгейінде зерттелмей жатқан жайы бар. Осы бағыттағы, мәдени құндылықтарымызды, этностық болмысымызды қалыптастыратын тарихи мұраларымызды насихаттау әрі зерттеу біз қойған міндеттердің бірі болуы тиіс. Әсіресе мына, біз филологтар үшін маңызды деп білемін.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Шойбеков Р. «Қазақ зергерлік өнерінің лексикасы», Алматы, 1993(7-156)
2. Ұлы дала мұрасы: зергерлік өнер жауһарлары, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі, Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі, "Халық қазынасы" ғылыми-зерттеу институты. – Астана, 2018, 3-том,(455-888б.)
3. Самұратова Т. Қазақстан өнері тарихы, Астана, 2018(376)
4. Тохтабаева Ш. Қазақтың зергерлік өнері, Алматы кітап баспасы, 2011, (336)
5. «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» энциклопедиясының 1-томы, 2017ж, Алматы(336)
6. Асан Б. Шумерлер. Скифтер. Қазақтар. – Алматы, «Көшпенділер» баспа үйі, 2002 (88б)
7. Сычева Н. Орта Азия мен Қазақстан халықтарының зергерлік әшекейлері. – Мәскеу, Советский художник,1984(45б)
8. Қазақ ертегілері 1-том, Алматы 1957(7-8б)

ӘОЖ 81-22

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫ ТІЛІНДЕГІ БАҒАЛАУЫШТЫҚ ЛЕКСИКА

Кенжебекова Бану Бауржановна

banuken2003@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

Ғылыми жетекшісі – Ш.Қапантайқызы